

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II. - Б. 220-223

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТІЛДІ АЖАРЛАУ, ҚҰБЫЛТУ, АЙШЫҚТАУ ҚҰРАЛДАРЫ

Құлжа Г.

Ақын поэзиясының көркемдігі табиғи таланттан туындайды. Суреткер өлең технологиясының әдіс-тәсілдерін жете меңгеруі арқылы өлең-жырларына бедер береді. Өлең-сөздің пішінін көркем оймен көркемдей отырып мазмұнды сөз маржанымен мағыналасу поэзияның нағыз шеберіне ғана тән [1]. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де әжептәуір қажет тәсіл — айшықтау, яки фигура (латынша *ſiëuſa* — келбет, бейне) — сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру. Мұндағы мақсат біреу-ақ — сөздерге ерекше леп, екпін, тыныс беру, сөйтіп, олардың оқырманға әсерін күшейту [2]. Академик З. Ғабдолов: «Әдеби тілді ажарлаумен, құбылтумен қатар, керек жағдайда айшықтай білген жөн. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес әсерлілігі үшін де әжептәуір қажет тәсіл-айшықтау»-дейді. [3]

Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы тілдің ажарлау, құбылту, айшықтау құралдарының қолданысы ақынның лексикасы бай, сөздерді түрлендіріп, құбылтып беруге шебер екенін көрсетеді. Оның өлеңдерінде сөз арасында фразалар және афористік қатарларды жаңа синтаксистік құрылымдарда құлпыртып беру жиі кездесетін жайт. Мұны, әсіресе, ақынның махаббат лирикаларынан табатынымызды анық. Онда қайталанбас тауып айтатын пікірлер, қанатты сөздері моншақтай тізілген. Ақынның «Мен өмірді сен деуші ем» деп аталатын поэмасында жоғарыда айтылған қанатты фразеологизмдер де ұйысып тұр. Бұл енді ақын диапозанының үздіксіз өсіп баруын көрсетсе керек.

Алғашқы жылдары мысалы, махаббат жырларында;

1. Өзің қашан оралғанша,
Жатам енді қайғы оранып.
2. Ошаққа отырғызып кетті мені
Әне бір ұзын бойлы ақсұр жігіт.
3. Өмір деген бұрқаған дарияға
Бұрымымнан ұстап ап лақтырдың.
4. Махаббаттың толқыны тұншықтырса,
Ұмытады атағын, даңқын да адам [4].

Көріп отырғанымыздай, бұлардағы идиомалық тіркестер тілімізде бұрыннан бар болғанмен, ақын оларды негізгі ойға байланысты шебер ойнатып, құлпыртып келіп қолданған. Қанатты сөздерді қолдану аясының артуы да

оқырманды таңдандырмай қоймайды. Ақын өмірі алған ілгерілеген сайын дамып, күрделеніп, өткірленіп бара жатқандай.

1. Атағың, даңқың медеу ме
бақытың бүтін болмаса!
2. жақсы әйел, жүйрік ат пен алмас қылыш,
далада батырлықтың бас белгісі.

Осы көрсетілген мысалдарда қаншама терең ой орынды пікір тұтасқан! Қанатты сөздердең өміршеңдігі, маңызы үлкен деп білеміз.

1. Азабын тартқан ел де қуанады,
Ұшқанда алтын тақтан хан домалап.
2. Әбілет кетсе хандардан
Халқына шаттақ аз шығар,
Ірмекті сүттей ашыған
Абырой елдің шашылған

Біздіңше, бұл сөздерге таң қалу артық болар, дегенмен халық даналығының өзінен орынды пайдаланып, еске сарын орнатқанына сүйсінбеуге болмайды. Сондықтан да оның қанатты сөздерді қысқа, нұсқа, пікір анық нақты. Ақынның мына төмендегі қанатты сөздеріне қараңызшы, саясат қанша құбылса да қазақ даласының суреті дәл берілген емес пе? «Тракторы» болмаса, баяғы күндер көз алдымызға оралмай ма?

Самғайды батыр Уақыт.

Тракторлар шарлайды кең даланың

Кеудесін қақыратып.

Мұнда дәуір демі, оның көрінісі (жанды) қанатты сөз арқылы беріліп тұрған жоқ па?

1. Сен үлгі еткен ұрпақтар аластайды
Қаңылтыр мен алтынды бірдей десен.
2. Кезінде етпеген жақсылық
Қылмыспен кейде пара-пар.
3. Жасалмай қалған жақсылық
Ішіңді жейді тышқандай.....

Әсіресе, қоғамға осындай жақсылық жасауға ынталы жандар керек-ау... Соны ақын дәл тауып, дөп басып отырған жоқ па? Сонда сондай жандар көбейгенде, дүние шаң-тозаңнан тазарып, Жер – Ана өзінің беймезгіл толғатуын тоқтатар еді-ау...

Ақынның қанатты сөздері оның шығармашылығымен бірге өсіп, кемелденген сайын терең психо-философиялық сипат алып, соз шебері жасалған лирикалық қаһарманның ішкі ой сезімдерін сыртқа шығарып, соны ой – қиялдарға жаңа рух беріп, дұрыс тануға итермелейді.

1. Біреу саған мұң шағып, өкпелесе,
Жақын санап , ол сені дос көргені
2.Болғаны да жақсы екен дүниеде,
Өкпелеуге тұратын бір адамың!

Өте дұрыс айтылған пікір. Адамдар өкпелеген адамға қисайып қарамай, оны дұрыс түсіну керек. Ақын осыны әрі қарай дамытып, тағы бір өлеңінде тапқырлықпен қайтадан қанатты сөзге жүгінеді.

Өкпешіл жанға мүйіз шығар болса,
Қазақтың бәрі арқар болып кетер еді.

Міне, ақынның қанатты сөздерді орынды пайдалану мәнері осындай.

Ф.Оңғарсынова тек қанатты сөздерді, метафораларды қолданудың шебері ғана емес, сонымен азаматтық ақыл-ойға парасат, психо-философиялық сыр қосады, бүкіл оқушы жұртшылықты тәрбиелейді.

Адам психологиясының осындай нәзік сырларын да ақын қанатты сөздер арқылы нақ көрсете алады:

1. Кісі өлтіріп алса да, адам, ылғи
Өзін емес, басқаны кінәлайды.
2. Серескен – мұз санаң да мақтаулардан,
Балқи кетер от тиген қорғасындай.
3. ... Қателесу керек те шығар, мүмкін,
Кешіре алар бір жандар бар болғансын.
4. Жалғыз қалар

Міні жоқ дос іздесе.

Сөз шеберінің адам өміріндегі осындай сырларды дәл басып афористік теңеулер арқылы, өткір түрде мың құбылтып беруі кейде жанды суретке, үлкен картинаға айналып жүре береді.

1. Күншілдік те дертіндей қышыманың,
Көк дәрісіз қоймайды қысыр әнің
2. «Мен жақсы да, ол жаман» ариясы
және өмірде түспейді сахнадан

Ақын өзінің шындық туралы мұндай ойларын тек қана қарапайым тілмен баяндап қоймастан, оларды салыстырулар, параллелизмдермен де сәулелендіреді.

Ақыннан асқан шыншыл жоқ,
Жақыннан асқан күншіл жоқ,
Ойсыздан асқан мұңсыз жоқ,

Сондай-ақ, сөз шебері ендігі бір жыл жолдарында өмірдегі келеңсіз жәйттерді жұрт өзгертпек болса да өзгерте алмай жатқан жақтарын айтады:

Жақсы сөзге егер де қалады оңып,
Ақылсызға данасын десең болды,
Шалқаяды қалғандай дана болып.

Бұл тимді әдісін ақын егемендік жылдарындағы жырларында да жалғасып келе жатыр. Ақынның шыншыл алапат асқақ, өр, адуынды поэзиясы шарықтап өсіп келеді.

1. Әділдік айтқан жанды көрмегенсіп,
Маңайға жуытпаймыз бұзады деп.
(«Қыз ғұмыр» 100-б.)

2. Талантты болу қауіпті,
Талантсыздардың ішінде (Сонда, 121-б.)

Осындай өмір шындығын жаза отырып, қоғамдағы таусылмайтын қарама – қарсылықтарға ашынады:

Жер беті –қырғын әлі,

Жұмақтың жоқ нышаны. (сонда,165-б.)

Ф.Оңғарсынованың кейбір қанатты сөздері саясы жағыннан өте батыл.

1. Ат мінген саятшылардың
Аударыспақ ойнау –істері .
2. Патшаның кім екенін халық білер
Сиқынан жанындағы тобырының.
3. «Жұмақты жоқ »десе жұрт ,-іздей берме!
Келемін әлі үмітті үзбей мен де.
Онда да мықтылар мен көсемдерден
Асылы орын тимес біздейлерге.
4. Патшасының мылжыңы
Мезі қылған ер сорлы.

Ф. Оңғарсынованың қанатты сөздері бүкіл поэзиясының алтын сынығы десек үстірттеу болар, дегенмен ақында афоризм кереметі көп Бұл жолдар ақын шабытының биіктігін, шалқарлығын, өмірдің нақты білетінін көрсетіп тұрады.

Фариза өз заманының жүрегінің төрінде болған өз заманының тілінің ұшында болған, өз заманының жанарының қарашығында болып, қанының толқынында ойнаған ақын екендігінде дау жоқ.

Фариза өлеңдерінің рухында бостандық пен өрлік, тәкәппарлық пен тереңдік бар, албырттық пен батылдық, өткірлік, қайсарлық және бар. Сондықтан ол бірден ойдың негізіне орын беріп, кейін сол ойды таратады. Фариза Оңғарсынованың өлең өрімдеріндегі өзгешелігі оқырман жүрегінің төрінен орын алар шығарма тудыра білуінде. Өлеңнің сыңғырлаған сыбдыр үні естілуі үшін көркемдік детальдарды шебер қолдана білгендігі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 <https://qazbrand.info>
- 2 Әдебиеттану терминдер сөздігі. - Алматы, 1999.
- 3 Қабдолов.З. Сөз өнері. – Алматы, 1992.
- 4 Оңғарсынова Ф. //Өлеңдер жинағы. 1-том. Б. 7-8
- 5 Жұмабек С. Поэзия патшайымы. // Таңдамалы шығармалары. - Алматы.

Ғылыми жетекшісі: Кукенова Г.А.